

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 697 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1328 қаулысы
 Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 697 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 40, 597 -құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттері және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттері» деген 4-бөлімде:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттері:

Р/с №	бекеттің атауы	облыстың немесе қаланың атауы	автожолдың атауы
1	2	3	4
1.	Еркін	Алматы	Алматы – Өскемен, 270 км
2.	Қарабұтақ	Ақтөбе	Самара – Шымкент, 965 км
3.	Молодежный	Қарағанды	Қызылорда – Павлодар – Успенка – Ресей Федерациясының шекарасы, 1066 км
4.	Семей	Шығыс Қазақстан	Омбы – Майқапшағай, 757 км
5.	Қарабалық	Қостанай	Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) – Алматы, 422 км
6.	Бейнеу	Маңғыстау	Доссор – Құлсары – Бейнеу – Сай – Өтес – Шетпе – Жетібай – Ақтау порты, 844 км
7.	Мамлютка	Солтүстік Қазақстан	Челябинск – Новосибирск, 496 км
8.	Қызыл Жар	Астана қаласы	Екатеринбург – Алматы, 1281 км

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК